



ҒЫЛЫМИ ЖОБА

Тақырыбы: «ЖЫЛҚЫ»

**Орындаған: Шоқтық Назерке
3 «А» сынып оқушысы**

Жетекшісі: Досханина И.С.

2016-2017 оқу жылы

Мақсаты:

« Жеті қазынаның бірі жылқының» ерекше қасиеттерімен таныстыру, Жылқы туралы түсінігін кеңейту, жылқы асыл мал екенін айта отырып, жылқы жануарына деген сезімдерін ояту, жылқы кәделі, бағалы қазына екенін ұғындыру, халқымыздың жылқы малына қатысты салт - дәстүрлеріміздің орасандылығын көрсету.





12 мүшесінің үшеуі ұзын, үшеуі қысқа, үшеуі кең, үшеуі таза болуы керек.



*Халқымыз ежелден жылқы түлігін
түріне, түсіне қарап түгендеген*

Жылқы түстері

Баран топ


Қылаң топ

*Торы, Шабдар, Жирен,
Күрен, Кер, Қара, Қоғыр*


*Көк (ақ), Сары, Бөрте,
Құла, Шұбар, Бурыл, Ала*



ЖЫЛҚЫ ҚОЛТҰҚЫМДАРЫ



Ахалтеке



Араб жылқысы



Дон жылқысы



Будённый жылқысы



Орыстың желгіш
жылқысы



Кенес ауыртасығыш
жылқысы



Жаңа кыргыз



Қарабайыр жылқысы

Жасына байланысты жылқы атаулары

Жылқы төлдері


- * Құлын
- * Жабағы
- * Тай

Ұрғашы жылқы

- * Құнажын байтал
- * Дөнежін
- * Дөнежін байтал
- * Бесті бие
- * Қасабалы бие
- * Кәртамыс бие
- * Жасаған бие

Жылқы атаулары

- * Құнан айғыр
- * Дөнен айғыр
- * Сәуір айғыр
- * Бесті айғыр
- * Сақа айғыр



Желіс

1. Бұлкіл желіс
Бөрі бұлкек желіс
2. Май желіс
Бұлан құйрық желіс
3. Бөкен желіс
4. Сар желіс
Зар желіс

Жорға

1. Мол жорға
2. Қой жорға
3. Жортақы жорға
4. Екі аяқты жорға
5. Үш аяқты жорға
6. Төрт аяқты жорға
7. Он бес құлаш жорға
8. Он екі құлаш жорға
9. Он құлаш жорға
10. Су шайқалмас жорға
11. Тайпалма жорға
12. Төкпе жорға

Шабыс

1. Он шабыс
2. Сол шабыс
3. Май шабыс
4. Шоқырақ шабыс
Төкірек шабыс


Жылқы жүріс түр


Аяну

1. Аян
2. Келте аян
Өгіз аян
3. Май аян
4. Көсілген аян
5. Жел аян



Ат әбзелдері





Жылқымен ойналатын спорттық ойындар



Аударыспақ — спортшыдан үлкен ептілікті, күштілікті, төзімділік пен батылдықты талап ететін қазақтың ұлттық спортының бір түрі. Бұл ойында екі салт атты бір-бірін аттан аударып алуға тырысады.

Аударыспаққа тәртіп бойынша ат үстіндегі айқасты жақсы меңгерген, тиянақты дайындығы бар спортшылар ғана қатынаса алады. Ал дайындығы жеткіліксіз, тәжірибесі аз спортшылар үшін бұл өте қиын.

Көкпар - ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ойынның атауы “көк бөрте” (лақ) сөзінен шыққан.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Көкпарға жасқа толған серкенің семізі таңдалған. Семіз серке терісі жыртылмайды. Орташа салмағы 70-80 келідей болады. Басқа малдың терісі жыртылғыш болғандықтан Көкпарға тартпайды.





Теңге алу (ілу) - қазақ ұлттық ат спорты. Ертеден келе жатқан ойындардың бірі. Теңге ілу де ат спортына жататын ойынның бірі. Теңге алу ойыны тегіс жерде өткізіледі. Ойынға жасы 18-ден асқан адамдар ғана қатысады. Ол ертеде үлкендігі ақ тоқымдай киіздің үстінде 50, 20, 15 тиындық майда ақшаларды салып қоятын болған. Қазір тақыр жердің ойықтау тұсына ақ шүберекке түйілген зат тасталады.

Қыз қуу" ойыны үшін жігіттер мен қыздар іріктеліп, жүйрік тұлпарларға мініп шығады. Қашықтығы 300, ал ені 30-40 метрлік тегіс, топырағы жұмсақ, ашық алаң таңдалып алынады. Жарыстың басталатын жері – алаңның бір маңдайында қатынасушылар орағытып өту үшін қарақшы қойылады. Бұған көбінесе *қызыл жалау* қолданылады. Жарыстың екі түрі болады. Жарыс жекелей өтеді. Егер жастар екі топқа бөлінсе, онда ойын ережесіне сәйкес, қыздар мен жігіттердің саны тең болуы керек.



Бес жол өлең

Арғымақ, құлыншақ, жая, қамыс құлак,
Аяғы тал шыбықта, кесе тұяқ
Кеудесі алты қарыс керіскедей,
Жануар теңдесі жоқ мал төресі,
Жарасқан денесіне бар мүшесі

Шоқтық Назерке
3 сынып



Жылқы туралы мақал - мәтелдер

Жақсы атты тай жағалайды.

**Жақсы атқа бір қамшы,
Жаман атқа мың қамшы.**

**Жақсы атын мақтар,
Жаман қатынын мақтар.**

**Жақсы аттың тісін ашпа,
Жақсы адамның жасын сұрама.**

**Жақсы аттың жалын сатқанша,
Жақсы жігіттің арын сақта.**



Эссе «Жылқы»

Қазақ жылқысының тұқымдары ерте кездерден пайдаланылып, көптеп өсіріліп келеді. Бұлар өсіп-өну ортасына қарай әр түрлі болып келеді.

Қазақ жылқылары онша ірі болмағанымен, шыдамдылық, еттілік, сүттілік, күш-көліктік жағынан жақсы жетілген. Қөшпелі тұрмысқа сәйкес қазақ халқы жылқыларды қысы-жазы бағуға қолайлы болуы үшін, үйірлерге бөліп, жақсы тұқымнан айғыр салатын болды. Мұндай айғырлар үйірінен шашау шығармай, үйірін қорғап, ит-құсқа жегізбей қысы-жазы қориды. Бірнеше үйір жылқы қосылып, бір табын құраған. Құлынды биелердің құлыны қара құлақ болып, отығып жетілген кезінде байланылып, күніне 4-5 сауылғаннан кейін, ағытылады. Жас құлындағандарын бір-екі жұмадан кейін байлап, 2-3 сауылғаннан соң ағытып жібереді. Қазақ биені алты айға дейін сауады.

Қазақ жылқылары салт мініс пен ауыр-жеңіл жұмыстарға да мықты, жүріске берік, төзімді келеді. Бұлардың тұқымдары пайдалануларына қарай бірнешеге бөлінеді. Оларды шаруалар өскен жеріне, тұқымдарына, түстеріне, жал, құйрық бітістеріне, жыныстарына, түрлі жүрістеріне, тағы басқадай ерекшеліктері мен өмір тіршіліктеріне қарай әр түрге бөліп атайды.

Қазақ жылқыларының ішінде аяңшыл-жорғасы, желісті, жүйрігі, баяу жүретін шабандары да бар. Оларды күнделікті тұрмыстық қажеттеріне қарай салт мініс көлігі, жұмыс күш келігі, сауын биесі, т. б. деп бөледі, ерекшелейді. Осыған байланысты да жылқының толып жатқан атаулары бар.

Жобаны зерттеу кезіндегі суреттерім





Назарларыңызға рахмет!

